

# ТӨЛЕБИ ТҮЙ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№6 (8766) Жұма, 14 ақпан 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: [tolebi\\_tuy@mail.ru](mailto:tolebi_tuy@mail.ru)

## Медиаторлардың қоғамдағы рөлі мен міндеттері пысықталды



Өткен жұмада аудандық әкімдіктің үлкен мәжіліс залында «Медиаторлардың қоғамдағы рөлі» тақырыбында жиын өтті. Басқосуға аудан әкімі Е.Әлімқұлов, аудандық соттың төрағасы Ғ.Байарыстан, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Түркістан облысы бойынша өкілі Н.Қожабекова, аудандық мәслихаттың төрағасы Н.Қойбағаров, Түркістан облысы, Шымкент қаласы бойынша кәсіби медиатор «ALGA GROUP» заң кеңсесінің бас директоры Ә.Амантаева, қала, ауылдық округ әкімдері, аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Тойлыбаев, аудандық билер кеңесінің төрағасы М.Бекболат, мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық кеңестің, ардагерлер кеңесінің, әжелер алқасының мүшелері, мемлекеттік қызметшілер, ауыл билері қатысты.

Медиация – бұл дауларды бітімгерлік жолмен шешуге мүмкіндік беретін, тараптардың белгілі бір келісімге келуіне көмектесетін, мүдделі емес үшінші тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің заманауи және тиімді әдісі. Үшінші тарап ретінде медиатор қызмет атқарады. Медиация әдісі дауларды шешуде уақытты үнемдеуге, шығындарды азайтуға, сондай-ақ қоғамдағы түсіністік пен тыныштықты сақтау үшін үлкен маңызға ие. Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданыла алады. Қазақстан Республикасында медиация 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» заңмен реттеледі. Бұл заңда медиатордың рөлі, оның міндеттері мен құқықтары, медиация процесінің ұйымдастырылуы мен

жүргізілуі, сондай-ақ медиацияның құқықтық күшке ие шешімдер қабылдау тәртібі көрсетілген.

Мәжілісті аудан әкімі Е.Әлімқұлов ашып, жүргізіп отырды. Еркеғали Амантайұлы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында медиация туралы айтқан сөздерін келтіре отырып, даулы істерді бітімгерлік жолмен шешуді кеңінен қолданысқа енгізудің қажеттілігіне тоқталды. Е.Әлімқұлов аудандық сотта 2023 жылы келіп түскен жалпы 1 522 азаматтық істің 103-і (6,5%), 2024 жылы 2 533 істің 234-і (9,2%) медиация тәртібімен шешілгенін айта келе, аудандық соттың төрағасы Ғани Байарыстанға сөз берді. Ол ұсақ және орта дәрежедегі қылмыстық істер мен азаматтық істер, тараптардың келісімге қол жеткізу арқылы шешілуін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар туралы баяндады. Кәсіби және қоғамдық медиаторларды, билер кеңесін ел ішіндегі даулы мәселелерді медиация тәсілімен шешуге, бірлесе қызмет етуге шақырды.

Наталья Қожабекова ұлтаралық қақтығыстардағы медиацияның ролі жөнінде кеңінен әңгімелеп, осы қақтығыстарды шешу кезінде ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың гуманистік принциптерін ерекше сақтау қажеттігі, зорлық-зомбылық пен мәжбүрлеуден бас тарту, адам құқықтары мен бостандықтарын маңызды құндылық ретінде тану, даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге дайындықты мектептерден бастау қажеттігі туралы пікірлерімен бөлісті.

Одан кейін сөз алған Әлия Амантаева шет елдердегі медиацияның дамуы мен қалыптасуы туралы баяндама жасады.

Билер кеңесінің медиация саласында атқарып жатқан жұмыстары туралы аудан биі Бекболат Мейрамхан хабарлады. Ол ердімекенде сайланған ауыл билері тұрғылықты жерінде туындаған даулы мәселелерді бітімгерлікпен шешуге атсалысып жүргенін айтып өтті.

Сөз кезегін алған аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Тойлыбаев білім ордаларындағы дауларды медиациямен шешу туралы ойларымен бөлісті.

Мәжіліске қатысушылар баяндамашыларға сұрақтарын қойып, тақырып аясында ой-пікірлерін білдірді.

Аудан әкімінің төрағалығымен өткен жиында кәсіби емес медиаторлардың жұмысын жандандыру, БАҚ-та «Медиация туралы» Заңды түсіндіру бойынша мақалалар жариялау, кәсіби және қоғамдық медиаторлардың қатарын толықтыру, дайындау, оқыту шараларын ұйымдастыру, тұрғындарға құқықтық көмек көрсету мақсатында медиаторлардың ашық есік күнін өткізу, медиаторлардың құрамына белсенді азаматтарды, жастарды және психологтарды тарту бойынша жұмыстар жүргізу туралы ұсыныстар хаттамаға енгізілді.

Жиын соңында аудан әкімдігі, аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы», аудандық сот, прокуратура, полиция бөлімі, білім бөлімі және билер кеңесі тарапынан Төлеби ауданында медиаторлар және билер кеңесінің жұмысын жандандыруға ықпалдастық көрсету жөнінде меморандумға қол қойылды.

А.ИМАНАЛИЕВА.

### ● Тағайындау

Төлеби ауданының әкімі Е.Әлімқұловтың 2025 жылғы 6 ақпандағы №51 өкімімен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңының 41-бабына, ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары туралы қағиданың 17 және 20-тармақтарына сәйкес **ЖАНҒАЗИЕВ Бағдатбек Пердебайұлы** 2025 жылдың 7 ақпаны күні

## Ротация тәртібімен

ротация тәртібімен Төлеби ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Ол 1984 жылғы 7 ақпанда қазіргі Түркістан облысы Бәйдібек ауданының Шаян ауылында дүниеге келген.

2005 жылы Қазақ-Өзбек инженерлік-гуманитарлық университетін тарих және география пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.



2006–2007 жылдары Бәйдібек аудандық ішкі саясат бөлімінде жетекші маман, Бәйдібек аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде бас маман;

2007–2016 жылдары Бәйдібек ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – кадрлық қызмет жетекшісі, Бәйдібек ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімшесінің басшысы;

2016–2017 жылдары Бәйдібек ауданы әкімі аппаратының басшысы;

2017 жылдан бастап Төлеби ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалғанға дейін Бәйдібек ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

\*\*\*

Төлеби ауданы әкімінің орынбасары қызметін 2012 жылдан осы күнге дейін атқарып келген **Дүйсебаев Сержан Дауылбайұлы** ротация тәртібімен Сайрам ауданы әкімінің орынбасары қызметіне ауысты.

## «Көктем-2025» оқу-жаттығуы

Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында аудан әкімі Е.Әлімқұловтың қатысуымен «Көктем-2025» республикалық командалық штабтық оқу-жаттығуы өтті.

Еркеғали Амантайұлы барлық азаматтық қорғау күштері: ерт сөндірушілер мен медициналық қызмет көрсетушілердің, электр қуатымен қамтамасыз ету, газ жүйесінің апаттық қызметі және жанар-жағармаймен қамтамасыз ету қызметтерінің дайындығымен, арнайы техникалардың жағдайымен танысты.

Оқу-жаттығу жиыны көктем мезгілінде орын алуы мүмкін төтенше жағдайларды болдырмау үшін азаматтық қорғаныс құрылымы мен қызметтерінің даярлығын тексеру мен жетілдіру, аудандық азаматтық қорғау қызметтерінің дайындықтарын пысықтау мақсатында ұйымдастырылды.

«Төлеби-ақпарат».

## ● Президент сұхбатына орай

«...Сөз арасында айта кетейін, дүние жүзінде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде үш мыңнан астам тілге жойылып кету қаупі төніп тұр. Қазақ тілі бұл топқа кірмейді. Ана тіліміз 2024 жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында 79-орынға тұрақтады. Осы ретте күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы кеңес заманында ана тілімізді әлемдік лингвистика картасына жойылып кетуден сақтап қалған зиялы қауым өкілдерінің, ақын-жазушылардың, журналистер мен ғалымдардың, мұғалімдер мен мәдениет қайраткерлерінің, ауыл еңбеккерлерінің, яғни барша отаншыл азаматтардың еңбегін бағалауымыз керек...».

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» тақырыбындағы сұхбатынан).

## Ана тіліңді құрметтемеу – туған анаңды өгейсінумен бірдей

Республикалық «Ана тілі» газеті мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтан сұхбат ала отырып, мемлекеттік тіл – ана тіліміздің мәселесін көтермеуі есте мүмкін емес еді деп ойлаймын. Сонау кеңес заманы кезінде еліміздің зиялы қауым өкілдері, әсіресе ақындарымыз, жазушыларымыз ана тіліміздің мәселесін жиі көтеріп келді. Қазақ тілінде білім беретін мектептердің жыл санап азайып бара жатқанын айтып, дабыл қақты. Сол кездері әйгілі ақын Қадыр Мырза Әли ағамыздың:

Ана тілің арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте... – деп жырлауының өзінде терең мән жатыр.

Кеңестік дәуірде біз ауылда орта мектепті қазақ тілінде бітіргенімізбен, жоғары оқу орнында таза орыс тілінде білім алуымыз, әсіресе ауыл балаларына алғашқы жылдары өте қиынға соқты. Мамандығымызға қатысы жоқ Кеңестер Одағы Компартиясы тарихи мен ғылыми коммунизмді, философияны, саяси материализм мен саяси экономиканы, қала берді ғылыми атеизмді орыс тілінде оқып, емтихан тапсыруымызға тура келді.

Елімізде 2021 жылғы жүргізілген санақ бойынша, Қазақстанда 124 этнос өкілдері өмір сүреді екен. Олардың арасында саны жағынан ең басым ұлттарға келсек республикамызда 13,4 миллион қазақ, 2,9 миллион орыс, 614 мың өзбек, 387 мың украин, 290 мың ұйғыр тұратынын білдік. Саны жағынан тым аз этнос өкілдері арасында өзінің қай ұлтқа жататынын көрсеткісі келмегендер де бар көрінеді. Бұл дегеніміз бізде өлі де болса қазақ та немесе орыс та бола алмай жүргендер бар дегенді білдіреді.

Қазақстанда жыл санап орыс халқының саны азайып бара жатқаны онсыз да аян. Оның себебі, орыс жастары шетінен Ресейге немесе алыс-жақын шет мемлекеттерге қоныс аударуда. Осындай себеппен орыс жастарының саны күрт кеміп, Қазақстанда жасы ұлғая түскендері ғана қалуда.

Қазақстанда қазақ халқының саны бұрынғы жылдармен салыстырғанда жыл санап өсе түскеніне өте қуаныштымыз. Бір анығы, сол 13,4 миллион қазақтың қаншасы өз ана тілінде – мемлекеттік тілде сөйлейді? Бар мәселе осында. Төлқұжатында ұлты қазақ деп жазылғанымен, өзі бір ауыз қазақ тілінде сөйлей

алмаса, ондайларды қазақтардың қатарына қосуға бола ма? Жақында зиялы қауым өкілдерінің бірі теледидарда мемлекеттік тіл мәселесі жөнінде сөз болғанда, бір ауыз ана тілін білмейтін, мемлекеттік тілде сөйлемейтін қазақтардың бәрін қазақ ұлтының құрамына қосуға болмайтыны жөнінде өз пікірін білдірді. Қазақстанда өзі қазақ бола тұра қазақ тілінде жақ ашпайтын, білгісі келмейтін қазақтардың бәрін қатарымыздан сызып тастағанда, біздің елімізде қанша қазақ тұрады? Бұл сұраққа жауап табу қиын. Меніңше, жалпы қазақтың саны 13,4 миллионнан анағұрлым кеміп кетсе керек.

Мемлекет басшысы өз сұхбатында ана тіліміз туралы өңгімелегенде: «...Ана тіліміздің болашағы жарқын екендігіне еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ тіліміздің тұғырын нығайтамыз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек», – дегендей пікір білдірді.

Өздеріңіз күнде көріп, куә болып жүрсіздер, Қазақстанда, оның ішінде біздің Төлеби ауданында қазақ халқы тарапынан Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан астам уақыт өтсе де, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтереміз деген сылтаумен қазақтардың тарапынан орыс және өзге де ұлт тілдерінің ешбіріне қарсы әрекет жасалғанын естіген емеспіз. Қазаққа бар болғаны біздің елімізде өмір сүретін қандай да бір ұлттың өкілі болсын ең алдымен халқымызды, тілімізді, мәдениетімізді, жерімізді құрметтеп сыйласын. Кімнің нанын жеп, өсіп-өніп отырғанын білсін. Бізге одан артық ештеңенің де қажеті жоқ.

Кейбір қазақ саясаттанушылары Қазақстанда 124 этнос өкілі тұратындығына сенімсіздікпен қарайды. Себебі, саны саусақпен санарлықтай ғана өзге ұлт өкілі тұрса да, оны ұлттық құрамымыздың қатарына қосып жібергендерін айтады. Менің айтарым, мәңгілік ел болғымыз келсе, ең алдымен өз ана тілімізді, ата дәстүрімізді, салтымызды, ұлттық мәдениетімізді құрметтеп алайық. Жарық дүниеге әкелген анамыздың мейірімін, ақ сүтін өгейсініп, өзгелердің омырауына жармасуды доғарайық. Менің айтарым осы.

**А. ҚЫЛЫШБАЕВ,**  
зейнеткер.

## Аталар ерлігін ұрпаққа үлгі етейік

Биылғы жылы мамыр айының бас кезінде бұрынғы Кеңестер Одағы құрамында болған республикалардың бәрі Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығын салтанатпен атап өтеді. Күнделікті телеарналардан көргеніміздей ресейліктерден бастап бұрынғы одақ құрамындағы елдердің бәрі айтулы мерекеге дайындыққа қазірден бастап кірісіп кетті. Соңғы жаңалықтардан естігеніміз, ресейліктер Волгоград қаласының бұрынғы кеңестік дәуірдегі атауын қайта қалпына келтіріп, бұдан былай Сталинград деп атайтын болыпты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деген тақырыптағы сұхбатында Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өту жөнінде әңгіме болды. Тілші сауалына мемлекет басшысы:

– Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нацизмді талқандауға елеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты. Оның үстіне Қазақстан әскерді қару-жарақпен, өнеркәсіп өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарған сенімді тыл болды...

...Жеңісті меркелеуге арналған жоспарда көптеген іс-шара қамтылған. Оның ең бастысы – Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елеусіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің ел жадында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді... – деп айтты.

Баршаға мәлім болса керек, бүгінде біздің ауданда бірде-бір Ұлы Отан соғысының ардагері қалмады. Соғыс салған жарақаттан, жасы келгендіктен бәрі де бақилық болып кетті. Арамызда сұрапыл соғыс жылдарында тылда жанқиярлықпен еңбек еткен тыл еңбеккерлерінің де ешқайсысы арамызда жоқ десек те болады.

Еліміз Жеңіс күнін тойлап жатқанда өмірге келген ұл-қыздардың өзі биыл 80 жасты толтырады. Олардың туа салысымен еңбекке араласпағаны айдан анық. Соғыс басталған кездегі «барып кел, шауып келге» жарап қалған 10 жастағы баланың өзі тоқсан жасқа келеді екен. Әрине бала болса да, сол кездегі қиындықтарды, өмір ауыртпалығын өз көзімен

көрген ұрпақтарға да құрмет көрсетсек жарасады.

Менің айтпағым, Ұлы Жеңіс мерекесіне дейін Ұлы Отан соғында майданда қаза тапқан жерлестерімізге, соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіштерге қамқорлық жасап, оның төңірегін гүлдендіріп, жасыл желекке бөлеп аталарымыздың, әкелеріміздің майдандағы, тылдағы ерліктерін бүгінгі ұрпақ арасында барынша дәріптеуіміз керек деп ойлаймын.

Біздің ауданда Ұлы Отан соғысында ерліктің нағыз үлгісін көрсеткен, бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталған жерлестеріміз аз емес. Олардың есімдерін мәңгі ел есінде қалдыру үшін қажетті шаралардың бәрін жасау қажет деп ойлаймын.

Менің әкем Сатылған Қаржаубаев та Ұлы Отан соғысының ардагері болатын. Соғыс басталарда бұрын әскер қатарына шақырылып, кеңес әскері құрамында Брест қаласында қызмет етіпті. Батыр қала Бресті қорғаушылардың бірі болған.

Таң атар-атпаста шырт ұйқыда жатқандарында фашистердің жойқын шабуылы басталып, жанындағы серіктерінің көпшілігі не болғанын да білмей қаза тауыпты. Алматы, Жамбыл, Шымкент облысынан барған қазақ жігіттері Брест қаласын жанқиярлықпен қорғап, күші басым жаудан амалсыздан шегініп, орман арасын бірнеше күн бойы аралап жүріп, жаудың қолына түспей біздің әскерлерге қосылыпты.

Бір таңқаларлығы, Зағамбар ауылынан әскер қатарына бірге шақырылған, бала кездерінен бірге ойнап өскен құрдастары Ділдәбек Мырзақұлов, Кәдір Жалмұрзаевтармен бір майданда соғысып, кейіннен бір-бірімен кездесудің сәті түсіпті. Кәдір атамыз соғыста офицер шенінде қызмет атқарып, көп ерліктер жасапты, тіпті Кеңестер Одағы батыры атағына да ұсынылғанымен, бұл жоғарғы атақ ол кісіге бұйырмапты. Үшеуі де соғыстан елге аман оралып, зейнеткерлікке шыққанша менің әкем мен Ділдәбек атамыз ауыл шаруашылығы саласында, Кәдір атамыз «Сайрам-Өгем» ұлттық паркінде орманшы болып еңбек етті.

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Кейінгі ұрпақ әкелеріміздің, аталарымыздың ерліктерін мәңгілікке ұмытпауы тиіс.

**Қ. ҚАРЖАУБАЕВ,**  
Әл-Фараби атындағы жалпы орта мектептің мұғалімі.

## ● Оймақтау ой

## Теледидар мен ұялы телефонның ащы жемісі

Мына бір адам баласы сенбейтіндей оқиғаны өз көзіммен көріп, кейбір таныс жандардан есітіп, қайран қалдым.

– Үйде әйелім де, өзім де тек ана тілімізде – қазақ тілінде сөйлесеміз. Екі қызым қазақ тілінде тәрбие беретін балабақшаға барды. Бір таңқаларлығы, олар кішкентайынан ұялы телефондағы орыс тіліндегі ойындарды ойнап, күн сайын теледидардан «Маша мен аю» сияқты мультфильмдерді орыс тілінде көріп өскендіктен тілдері ана тілімізде емес орыс тілінде шықты. Олар өмірінде бір орыс көрмесе де, кішкентайынан орыстанып кетті. Қарапайым қазақ сөздерін түсіне бермейді, – деп налыды.

Мен мұндай адам сенгісіз әңгімені бір емес, бірнеше ата-анадан есіттім. Тіпті тілі тірі орыс көрмесе де орыс тілінде шыққан балалармен әңгі-

мелесіп те көрдім. Қазақ тілінде екі ауыз сөздің басын қосып айта алмағанымен орысшасы сайрап тұр.

Сұмдық-ай! Бүгінгінің балаларының ата-анасының орнын ұялы телефон мен теледидар алмастыра бастапты, болашағымыз қалай болар екен? Бұл сауалға немерелеріне бесік жыры мен ертегі айтуды мүлдем ұмытып, ұялы телефонның құлына айналып кеткен қариялар мен ата-аналар, ұстаздар мен тәрбиешілер, психолог мамандар не деп жауап берер екен?

Өткенді еске түсірсек, 1875 жылдың 2 маусымында Бостон университетінің өнер мектебінің профессоры Гре-хем Белл ең алғаш рет байланыстырушы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің даусын естиді. Өнертапқыш шотландықтың бұл жаңалығы тарихта телефон деген атпен қалды. Арада бір ғасырға жуық

уақыт өткенде ең алғаш ұялы телефон пайда болды.

Иллинойс технологиялық институтының түлегі Мартин Купердің өнертапқыштық бұл жаңалығын әлем халқының жартысынан көбі қолдана бастады. Ұялы телефонмен алғашқы нағыз байланыс 1973 жылы 3 сәуірде басталды.

Жоғарыда теледидардың, ұялы телефонның сәбилерімізге дейін санасын ұлай бастағанын айттым. Ұялы телефонды он жылдай жиі пайдаланған адам ми обыры ауыруына шалдығады, ол арақ пен темекіге қарағанда адам денсаулығына екі есе зиян. Ер адамның репродукциялық, яғни бала туғызу қызметінен айырады. Айта берсек, баладан бастап бәрімізге тигізер бұдан да көп зияны жетіп артылады.

**О. ЗАҒАМБАР**

## ● «Төлеби туына» – 90 жыл

Ауданның шежіресін тасқа басып, тарихына айналған «Төлеби туы» газетінің алғашқы саны жарық көргеніне де 90 жыл болыпты. Газет алғаш шыға бастағаннан-ақ халықтың сауатын ашуға, мәдениетін көтеруге, еңбекке жұмылдыруға, жаңа заманның бағыт-бағдарын жұртшылық санасына сіңіруге ұмтылған басылым болды. Ел жаңалықтарымен қатар сол замандағы өзекті мәселелерді: ауылды көркейту, халықтың тұрмысын жақсарту, білім алуға шақыру секілді тақырыптарды тұрақты түрде қамтып тұрды. Газеттің басты міндеті үкімет пен партияның саясатын бұқараға түсіндіру болды. Газет ел мүддесінің жаршысына, халықтың бірегей тірегіне айналды. Аудандағы өркенді өзгерістер, экономикалық ілгерілеу, индустрияның, ауыл шаруашылығының дамуы газеттің басты тақырыбына айналды.

Сонымен бірге газет басшылығы штаттан тыс авторлар құрамын нығайтуға, оған интеллигенция өкілдерін, еңбек адамдарын көбірек тартуға көңіл бөлді. Осы кезде ондаған ауыл-село, жұмысшы тілшілері өздері тұратын өңірдегі, жұмыс істейтін орындардағы жаңалықтарды, хабарларды жазып тұрды. Басылым штаттан тыс тілшілер арқылы бұқарамен тығыз байланыс орнатты. Олардың тыныс-тіршілігін күн құрғатпай жариялап тұрды.

Аудандық газетте елге танымал көптеген ақын-жазушының қолтаңбасы қалды. Олардың қатарында М.Қалдыбаев, С.Дулати, А.Иманалиев, Т.Көпбаев, Е.Ералиев, Ж.Сыдықбаев, Қ.Төлеметов, Ә.Үйсінбаев, Қ.Медетов т.б. бар.

Газеттің қалыптасу кезеңінде қалам қуаты қарымды ондаған журналист еңбек етті. Газетте Н.Ахметовтің, Ғ.Шыбынтаевтың, М.Абылаевтың, К.Баударбековтің, М.Дәулетбаевтың, М.Жексенбаевтың, Е.Боранбаевтың, т.б. проблемалық мақалалары, ойлы очерктері, сыни фельетондары үздіксіз жарияланып тұрды. Газет жұртшылық қажет ететін өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойып, жаңа уақыт талабына сай қызмет етті.

Бүгінде аға буынның дәстүрлі сабақтастығын жоғалтпай, газеттің бас редакторы Ә.Рахманқұлов, газет редакторының орынбасары О.Сүттібаев, бөлім меңгерушісі А.Иманалиева және басқалар одан әрі жалғастырып, газеттің оқылымды, мазмұнды болуы үшін жұмыс істеп келеді.

## Менің қаламгерлік мектебім

«Төлеби туы» газетінде менің де қаламымның қолтаңбасы жатыр. Бала кезімде «Сталин жолы» деген атпен шығатын газетте алғашқы мақалам жарық көргенде, 14 жаста едім. Сонда қатты қуанып, төбем көкке жеткендей болған. Сол күні мендей бақытты адам болған жоқ. Сөйтіп, газет деген сиқырлы дүние мені өз иіріміне тартып ала жөнелді. Содан бері зулап 70 жыл өте шығыпты. Газеттен ешқашан қол үзген жоқпын.

Алғашқы жазған дүниелерімнің бәрі теп-тегіс, жұмыр болды деп айта алмаймын. Редакциядағы ағалар түзеп, тігісін жатқызып, жариялап тұрды. Сөйтіп, менің газетке келуіме, қаламымның ұшталуына ағалық кеңесін аямады. Ауыл тілшісі атандым. Ауылдағы, шаруашылықтағы, мектептегі жаңалықтар мен хабарларды жазып, газетке жолдап тұрдым. Газет қызметкері Елтай Боранбаев ағам 1961 жылы 5 мамырдағы баспасөз күнінде газетте мен туралы «Селолық тілші» деген айдармен мақала жазды. Бұл мені қанаттандырып, жазуға деген құштарлығымды күшейтті. Газет редакторы Ә.Сағындықов, газет қызметкерлері Н.Ахметов, Ғ.Шыбынтаев, М.Сәрсенов, Е.Боранбаев, М.Жексенбаевтар мені жазуды, қалай жазуды үйретті. Бірте-бірте газет жанрларын меңгере бастадым. Мақала жазуда шындық, әділет жолынан таймадым. Біреуге қиянат жасамадым. Қоғамға қалам арқылы пайдамды тигізуді ойладым.

Әлі есімде. 1960 жылғы ақпан айындағы газеттің нөмірінде менің «Сүт неге аз?» деген мақалам жарық көрді. Онда «Қызыл жалау» ауылындағы (қазіргі Қостөбе) №3 сүт-тауарлы фермасының сүт өндірудегі кемшіліктерін, оның ішінде жем-шөптің талан-таражға ұшырап, сауын малдың аузына түспейтінін, сүттің ұрланатынын, фермада тәртіптің жоқтығын сынап жазған едім. Ферма меңгерушісі жиналыс өткізіп, мақалада айтылған фактілерді теріске шығармақ болып, мені айыптауға ұмтылды. Бірақ мен фактілердің растығын дәлелдедім. Кейбір ферма қызметкерлері мені қуаттап, сөз сөйледі. Содан кейін барып, ферма меңгерушісі өз кемшілігін мойындап, одан қорытынды шығаруға, келесіздіктерді жоюға уәде берді. Шындық жеңді. Сонда газет сөзінің пәрменділігіне көзім жетті.

Бірде газет редакторының орынбасары Ғ.Шыбынтаев

маған «Совет» колхозының артта қалу себепін зерттеуді, науқандық жұмыстардың бағысын жазып отыруды тапсырды. Мен ауылдарды аралап, еңбек адамдарымен, мамандармен пікірлесіп, олардың шаруашылықты дамыту жөніндегі ой-пікірлерін жазып алып, газетке жолдап отырдым. Шаруашылықтағы кемшіліктерді анықтап, оларды жою үшін жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерін ұйымдастырдым. Осылайша шаруашылықтың қисайған жүгін түзетуге титтей де болса үлесімді қостым деп ойлаймын. Газет редакциясы осылайша ауыл-село тілшілеріне жауапты тапсырма беріп, оның орындалуын қадағалаушы еді. Газет жұртшылықпен байланысын арттырып, тілшілердің қаламының ұшталуына көңіл бөліп отырды. Ауыл-село тілшілерінің қалам қуаты күшейіп, шығармашылықпен айналысып, жазғандарын жинақ, кітап етіп бастырды. Олар: М.Тұрғынбаев, С.Сәметов, С.Құмарұлы, Ж.Үсенов, Ж.Сыдықбаев, М.Әбуов т.б.

Газеттің штаттан тыс тілшісі болуым шығармашылықпен айналысуыма көмегін тигізді. Бірнеше әдеби кітаптарым жарық көрді. Мұғалімдік қызмет атқарған жылдарымда білім саласындағы проблемаларды, ой-пікірлерімді республикалық газет-журналдарға жариялап отырдым. Педагогикалық, әдістемелік зерттеулерім жинақ болып шықты. Сондықтан «Төлеби туы» газетінің қаламымның ұшталуына көп көмегі тиді. Газет менің қаламгерлік мектебім болды.

Қазақ руханиятына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан «Төлеби туы» газетінің 90 жылдығы мерекесі – бұл аудан тұрғындарының да мерекесі. Мереке құтты болсын! Әріптестеріме, қаламдастарыма оқырмандарың көп, қаламдарың қарымды болсын деймін.

К.ЕЛІКБАЕВ.



## Ел таныған Эльмира

## ● Таныс болыңыз: Жыл үздігі

қауымның көңілінен шығып жүрген Эльмира Қалмұратқызы Тортеваны жерлестерімізге таныстырып жатудың өзі артықтау болар деп ойлаймын. Десек те, өмір жолынан аз да болса дерек келтіргеніміз артықтық етпес.

Эльмира бізбен көршілес Сайрам ауданының Ақсу ауылының тумасы. Бала кезінде отбасы Бәйдібек ауданының Қошқарата ауылына қоныс аударып, балалық шағын осы құтты мекенде өткізді. Осы ауылдағы Борлысай орта мектебін бітіріп, алтын ұясынан қияға қанат қақты. Мектеп қабырғасында жүргеннен өнерге, көркемөнерге құштар ол мамандық таңдауда осы саланың бір кіріпіші болып қалануды мақсат тұтты. Жоғары білімді маман еңбек жолын 1993 жылы Төлеби аудандық мәдениет үйінде әдіскер болып бастады. Сол уақыттан бері ауданның мәдени өміріне белсене араласып келеді. Түрлі мәдени-көпшілік шараларда Ленгір қаласы мен аудан тұрғындарының алдында сахнада өнер көрсетумен қатар түрлі байқауларда аудан намысын қорғап, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Біздің Төлеби ауданының тарихында 2001 жылы бұрын-соңды болмаған жаңалықты көпшілік қауым жылы қабылдады. Төлеби ауданының негізі қаланғанына 70 жыл толуына орай Ленгірде тұңғыш рет аудандық мұражай ашылды. Аудан аумағынан табылған, жергілікті тұрғындардың қолында жүрген тарихи жәдігерлерді сақтап қалуға мүмкіндік туды. Мұражайға аудан орталығында ыңғайлы ғимарат табыл-мағандықтан, бұрынғы «Космос» кинотеатрының бір бөлмесіне орналастыруға тура келді.

Эльмира Қалмұратқызы аудандық мұражай ашылған күннен бастап осында қор сақтаушы болып қызмет атқарды. Бір сөзбен айтқанда аудан шежіресінен сыр шертетін бұл тарихи орынның қалып-

тасуына елеулі еңбегі сіңді. Мұражайды ата-бабаларымыз пайдаланған жәдігерлермен толықтыруға көп үлес қосты. Аудан тұрғындарын мұражайға көптеп тарту үшін жиі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырып, өткізді. Көнекөз қариялармен, еңбек ардагерлерімен, ақын-дармен, жазушылармен, өнер саңлақтарымен шығармашылық кездесулер ұйымдастырды. Мұражай тікелей облыстық мәдениет басқармасына бағынса да, аудандық мәдениет бөлімімен тығыз байланыста жұмыс істеді.

Эльмира Тортеваның күміс көмей әнші екенін өнер сүйер қауым сахнадан көріп, көз жеткізіп жүр. Оның репертуарында халық әндері мен қазақ сазгерлерінің шығармалары жетерлік. Сондай-ақ ол жергілікті сазгер Болат Оразымбетовтің көптеген әндерінің ең алғашқы орындаушысы болып тұсауын кесіп, халыққа жеткізіп жүр.

Эльмира осыдан үш жыл бұрын аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Ленгірдегі №1 кітапханасына (аудандық мәдениет үйінде орналасқан) кітапхана меңгерушісі болып қызметке ауысты. Бұл жағдайдың да өзіндік себебі бар. Жоғарыда айтқандай аудандық мұражайдың есігі ашылғалы бері бұрынғы «Космос» кинотеатрының, қазіргі «Жастар» сарайының бір бөлмесін паналап келді. Осы бөлмеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетіндіктен, мұражайдың басына қара бұлт үйіріліп, экспонаттарын жинастырып, сонау Тасарық ауылындағы жерлес суретші, марқұм Молдағали Қалдыбаевтың көркемсурет галереясына тасымалдауларына тура келді. Мұндағы шағын бөлмелерге музей экспонаттарын орналастыру былай тұрсын, осы аса құнды жәдігерлерді сақтап қалудың өзі қиын еді. Мұның бәрін айтпағанда, балашаға бар дегендей, отбасылық

жағдайына байланысты Эльмираға аудан орталығынан Тасарыққа қатынап жұмыс істеу қиынға соқты. Сондықтан аудандық мәдениет бөлімінің кітапханалар жүйесіне жұмысқа ауысуына тура келді. Бұрыннан көпшілікпен жұмыс істеуге әбден дағдыланып қалған Эльмира кітапханашы болғаннан кейін де оқырмандарымен байланысын нығайта түсті. Мұнда да жыл басында жоспар түзіп, көпшіліктің басын қосып, түрлі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыруды дағдыға айналдырған.

Эльмира Қалмұратқызының мәдениет саласындағы көп жылғы қызметі лайықты бағаланып жүр. Олардың бәрін бірдей тізбелеп айта бермей кейбіреуіне ғана тоқталуды жөн көрдік. Мәселен, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы мәдениет министрі Е.Ертісбаевтың Алғыс хаттарын алды. 2006 жылы облыс әкімі Ә.Шөкеевтің «Ең үздік музей қызметкері» стипендиясының иегері атанды. 2016 жылы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Ол биыл Төлеби ауданының «Жыл үздігі» атанды. Облыс, аудан әкімдерінің, өткен жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 33 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры Б.Оспанованың Алғыс хаттарының иегері атанды.

Эльмира мәдениет саласында 30 жылдай уақыттан бері халыққа қалтқысыз қызмет етіп келеді. Құт қонған шаңырақтың ұйытқысы, өнегелі перзенттерінің сүйікті анасы.

О.ҮСПІБАЙҰЛЫ.

Заманында ұлы Абай барша қазақ баласына:

...Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та бар қалан... – деп өсиет қалдырғаны әркімге де ой салса керек. Бұл Абай атамыздың жас кезінен бастап қызық қуып, әр кәсіптің, қызметтің басын бір шалып, қоғамдық ортада өз орныңды таппай өміріңді босқа өткізіп алма, деп барша қазаққа, қала берді адамзат баласына айтқан ақылы. Мына жалған дүниедегі өз орнын тауып, кірпіші болып қаланып, жетістіктерге жетіп жүрген жерлестеріміз баршылық. Біз олардың бәрін мақтан тұтамыз, құрметтейміз.

Ауданның мәдениет саласында көп жылдан бері қызмет атқарып, өнерімен өрге жүзіп, көрерменнің, оқырманды

# «Көшпелілік қазақты көп жерге»



Ел еңсесін тіктел, азаттыққа қол жеткізгелі өткен тарихымыздың көлеңкелі тұстары, көмескі қалған беттері ақырындап ашылып келеді. Әдебиет майданында тарих сахнасындағы елеулі оқиғалар туралы біршама ақын-жазушы қалам тербеп жүр. Олардың арасында Кеңестік заман тұсында ашаршылық тақырыбына арнап роман жазған Смағұл Елубайдың (суретте) шығармашылығын атап көрсетуге болады.

Таяуда біз қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қарымды қаламы арқылы үлес қосып келе жатқан жазушының өзімен сұхбат құрған едік. Смағұл Елубай бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін қаузап, төл тарихымызға қатысты тың деректерді бөлісті. Жазушының күрмеуі қиын мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстары да жоқ емес.

– Смағұл Абатұлы, сұхбаттарыңыздың бірінде өркениетті қоғам құру жолында аяққа тұсау салатын, елдің нағыз жауы – жемқорлық екенін айтып қалдыңыз. Жемқорлық тыйылмай, жұмыссыздық тыйылмайтынын, осының нәтижесінде халық наразылығы туындайтынын еске салдыңыз. Аға, қазіргі биліктің алысып жатқан жемқорлық мәселесімен күресудің балама жолы бар ма?

– Бар. Оған келмес бұрын жемқорлықтың қаншалықты қауіпті екенін айталық. Жаңа Қазақстанның жауы – жемқорлық. Өйткені бюджетке қол сұғу – халық несібісіне қол сұғу. Отыз жыл солай болды. Ақыры жабайы жемқорлық Қаңтар қасіретіне алып келді. Қаңтар қалаға келген ауыл жастарының бейбіт шеруімен басталған еді. Қалаға келгенде оларды ешкім құшақ жая қарсы алған жоқ. Қала оларды қара жұмысқа салды. Мардымсыз айлығы шайлығына жетпей, не үй ала алмай, не үйлене алмай байғұс жастар тайқы маңдай тағдырдың төлкегіне ұшырады. Мұндай қалаға шоғырланғандар саны тым көп еді. Олардың мұңын, үнін тыңдаудың орнына сол тұстағы жемқор билік жанталасып өз қалтасын толтырып жатты. Бұл әділетсіздік ақыры Қаңтарға алып келді. Көшеге шыққан жастарды жаңа Қазақстанның ішкі және сыртқы жаулары оп-оңай отқа итерді. «Сіздердің жауларыңыз анау!» деп Ақордаға қарай саусақтарын шошайтты. Сөйтіп, әділеттік іздеген аңғал жастарды жемқорлар отқа да, оққа да итерді. Обалына қалды. Айтпағымыз, осының бәрине кінәлі жабайы жемқорлық еді. Олар сауаты саяз жастардың қолымен от көседі. Қан төгілді. Тағы да айтамыз, Қаңтар дағдарысының авторы – жүгенсіз жемқорлық. Жүгенсіз жемқорлықтың жауы жаңа Қазақстан еді. Бұл күрес әлі жүріп жатыр. Оны жеңу мүмкін болмай жатыр. Өйткені олар өліспей берісер емес.

«Жемқорлықты жеңудің балама жолы бар ма?» дейсіз. Бар деймін. Жүрегіне иман ұйыған кешегі көшпелілер есіктеріне құлып салмайтын. Өйткені олар кісінің сабақты инесін алуға Құдайдан қорқатын. Кешегі 70 жылдық құдайсыз қоғам бізді сол иманнан айырды. Біз Құдайдан қорықпайтын болдық. Халық несібісі – бюджетке қол салатын болдық. Өз қалтамыз толса болды, өзгелердің сорлағанын ойламайтын болдық. Қалтамыз толған арама ақша – халықтың адал еңбегі екенін ойламайтын болдық. Ойымызды ынсапсыздық, имансыздық жайлады. Иманды ұмытып кеттік. Халқымыздың жүрегіне мың жылдай ұя салып ұйыған Ясауи тәрбиесін тәрк еттік. Сол тәрбие, жүректердегі имани тәрбие бізді ұрлық-қарлықтан, жемқорлықтан сақтайтын ұлы күш еді. Содан айырылып қалдық. Жолда ат басындай алтын жатса да нәпсісіне жеңдірмейтін сол ұлы күштен айырылды. Қанша заңды қатайтсақ та жемқорлық сондықтан жеңдірпей келеді, біздіңше.

## ЯСАУИЯ ТАРИҚАТЫ ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ

– Ясауи тарихатының исламтануда прогрессивті рөл атқарғаны турасында пікірлерді жиі айтасыз. Осы ретте Ясауи аталатын сол ұлы тәрбиенің халық болмысын қалыптастырудағы рөлі қандай болды?

– Ясауи тарихаты қазақтың рухани болмысын қалыптастырды. Егер қазақтың өзге халықтан бір өзгешелігі бар болса, оны осы Ясауидан іздеу қажет. Қараңыз. Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында қызыл өкімет Қазақстанға Қиыр Шығыстан көрістерді, Волга бойынан немістерді, Кавказдан шешен-ингуштарды өкеліп леклегімен төкті. Өздері ашаршылықтан ашқұрсақ отырса да халқымыз сол босқындарды құшақ жая қарсы алды. Бір

“

Бұл ауыр да болса ащы шындық. Кеңестік қызыл цензураның заманында қаны тамып тұрған қазақ тарихыншынайы жазу мүмкін болмады. Қазақ әдебиеті үшін бұл қасірет болды.

”

жапырақ нанын солармен бөлісті. Үйінен ысырылып орын берді. Тоңғандарын жылытты. Жылағандарын жұбатты. Әлгі халықтар қазақтан көрген осы жақсылықтарын әлі күнге жыр етіп келеді. Ендеше осынау ағыл-тегіл адамшылық қазақ болмысына қайдан келді? Бойымызға мың жылдай ұялаған иманнан келді. Сол сопылық ілімді Ұлы Далаға таң шуағындай таратқан Ясауи тәрбиесінен келді. Сондықтан да, Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!» айта білді. Гуманизм майданында жақсылық жасаудан жарыс бола қалса, сопылықтан өткен жүйрікті табу қиын болар еді. Кешегі қазақтарға тән ағыл-тегіл адамшылық, гуманизм сыры осында деп білемін.

– Аға, бүгінгі қазақ қоғамының мәдени кеңістігінде есіміңіз кинодраматург рөліндегі шығармашылық туындыларыңызбен де көпке мәлім. Мектеп бағдарламасынан бастап Ясауи ілімі мен халыққа сіңірген еңбегі туралы қаншама рет оқытылып, баланың санасына сіңіруге тырысқанымызбен Ясауи туралы экранизацияланған бірде-бір туынды жоқ. Неліктен қазақ киносында әлі күнге дейін Ясауи бейнесі сомдалмаған?

– Рас, кинода бұл тақырып қозғалған жоқ. Дұрысы қозғай алмадық. Оның үлкен себебі бар. Бұл тақырыпты қозғау үшін бізге тек кино маманы болу аздық ететін еді. Мұрының сопылық сырын сезбей тұрып бұл тақырыпқа қалам тарту мүмкін емес еді. Күпірлік еді. Әулиелер әлемін білмей тұрып Ясауи туралы айту мүмкін емес еді. Бұл тақырыпқа бара алмауымыздың себебі – осы. Бірақ біз бұл әлемді, әулиелер әлемін түсінуге талпындық. Пірлердің пірі Қожа Ахметті тануға талпындық. Содан кейін ғана бұл тақырыпқа қалам тарттық. Нәтижесінде, бүгінде «Ясауи» атты сценарий дайын. Қазір өз қолдаушысын күтіп тұр.

– Шығармашылығыңызға үңілсек, Кеңестік заманның өзінде ашаршылық тақырыбына арнап роман жаздыңыз. Ал бүгінгі азаттыққа қол жеткізіп, еңсесін тіктеген тәуелсіз елде бұл тақырып ойдағыдай көтеріліп жүр ме? Алда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні келе жатыр. Айтулы күнге қоғам қандай дайындықпен баруға тиіс?

– «Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы» Президент пәрменімен құрылған Мемлекеттік комиссия қыруар жұмыс атқарды. Тақырыпқа қатысты Ресей, Қазақстандағы архив материалдарын том-том етіп шығарды. Алда – ұлттық аза тұту күні. Осы күн аты мен затына сай атап өтілсе екен дейміз. Заты дегеніміз – жоқтаусыз кеткен жарты халық аруағы. Ең алдымен бұл күні бүкіл елімізде мемлекеттік тулар түсірілсе. Экрандарда ойын-сауық шегеріліп, көрермен назарына «Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандары туралы» әңгімелер, фильмдер ұсынылса. Мешіттер мен шіркеулерде дұғалар оқылса. Одан бөлек, тағы бір тірілер қолға алуға тиіс шара бар. Ол – ашаршылық, қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Аза сарайын» салу. Бұл сарай Лондондағы «Мадам Туссоу» музейі үлгісінде салынса. Яғни, ішіндегі балауыз мүсіндер Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын көз алдымызға «тірілтіп» әкелетін болса. Туристер үшін де, ол заманнан хабарсыз бүгінгі ұрпақ үшін де сол тарихтың «тірілген» нұсқалары бек әсерлі болар еді.

«Мадам Туссоу» музейінде біз сондай күйді бастан кештік.

– Жақында Төлен Әбдіктің Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбаты жарияланды. Ағамыз жазушылардың туындыларын шынайы тарих деп қабылдауға болмайтынын, әдебиеттің қарапайым шарттарын ұғынбай тарих қойнауындағы оқиғаларды баяндау құптарлық емес әрекет екенін түйреп өтті. Әдебиет майданында қалам тербеп жүрген ақын-жазушылар қазақ тарихы турасындағы тақырыптарды қозғауға тиіс пе? Жазушының пікіріне нендей көзқарас танытар едіңіз?

– Талантты тұлға Төлен Әбдіктің Egemen Qazaqstan-ға берген сұхбатына Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жылы лебіз білдірді. Төлен Әбдік сұхбаты, шынында да, оқырманды бейжай қалдырмайды. Оқырмандар арасында оның, әсіресе тарих тақырыбын қозғаушыларға қатысты айтқан қышқыл ойлары қилы пікірлер тудырып та жатыр. Жазушы атын атамаса да тарихқа өзінше тон пішетін кейбір қаламгерлерді түйрепті. Төлен жазушы бәрін емес, әдебиетіміздегі тарихи тақырыпқа жазылған кейбір романдарды түйреген шығар деп түсіндік.

## ОТАРШЫЛ САЯСАТҚА БАС ШҮЛҒЫМАЙ, ҰЛТТЫҢ ШЫНАЙЫ ТАРИХЫН ЖАЗУ МҮМКІН БОЛМАДЫ

– Ағамыз қазіргі жастар қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған аға буын жазушылардың көбінің шығармаларын оқи бермейтінін, оның себебін заман ағымының өзгеруімен, баяғыдай цензураның болмауымен байланыстырады...

– Бұл ауыр да болса ащы шындық. Кеңестік қызыл цензураның заманында қаны тамып тұрған қазақ тарихын шынайы жазу мүмкін болмады. Отаршыл саясатқа бас шұлғымай ұлттың шынайы тарихын жазу мүмкін болмады. Қазақ әдебиеті үшін бұл қасірет болды. Бүгінгі жастар соцреализм шығармаларын қабылдамай жатуы осыдан деп ойлаймын.

## ИЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ҚАҺАРЫ» ҚАРА БАЗАРДА БІР ҚОЙДЫҢ ҚҰНЫНА САТЫЛДЫ

– Төлен ағаның тағы бір сөзін алға тартқымыз келіп отыр. Ол «қазіргі қазақтың жасы да, жасамысы да баяғы түркілерден қалған рухты, көшпелілер заманын аңсап, оның мәдениеті туралы проза, өлең, мақала жазып, мақтанатынды шығарғанын» айтып, шын мәнінде көшпелілер мәдениеті не деген сауалға жауап береді. Қалай ойлайсыз, бұл расымен әдебиетте әлі күнге дейін ескіліктен, бағзы заманғы қатып қалған таптаурындардан арыла алмай жүргеніміз емес пе?

– Кешегі қызыл империяның қандықол басшысы Сталин 1944 жылы түркі тарихын зерттеуге, насихаттауға ресми түрде тыйым салды. Қазақ тарихын қаузаған Ермұхан Бекмаханов бастаған тарихшылар түрмеге тоғытылды. Бұл қудалау төл тарихқа деген сұранысты кемсітті ме, жоқ, тіптен, өршітіп жіберді. Сондықтан да, Илияс Есенберлиннің «Қаһары» қара базарда бір қойдың құнына сатылды. Айтпағымыз, түркілер тарихына тыйым салу – түркілер тарихына деген сұранысты үдетті. 250 жыл бойы өз тарихына шөліркеп келген қазақтың Тәуелсіздік тұсында тұңғыш рет төл тарихы тұсаудан босады. Тақырыпқа сұрапыл сұраныс туды. Содан ақын-жазушыларымыз қыза-қыза келе түркілер тарихындағы тирандарды да жырлауға көшті. Қай ұлттан екеніне қарамастан қан кешкен тирандардың аты тиран емес пе?! Олардың Гитлерден несі кем еді? Олардан ұлттық қаһарман жасау, әрине қателік еді. Бұл жерде мен Төлен жазушы жағындамын. Бірақ мен көшпенділер мәдениетін толық жоққа шығаруға қарсымын. Рас. Көшпенділіктің уақыты өткен еді. Отырықшылыққа өтетін кез келген еді. Солай деп қазақты Голощекинше Ұжмаққа таяқтап кіргізу неге алып келді? Көшпелілердің қара шыбынша қырылуына алып келді. Отырықшылыққа мүлдем бейбіт түрде де өтуге болатын еді. Халықты қырмай. Осы тәсілді Голощекинге алашордашылар атынан Смағұл Сәдуақасов айтты. Ашық айтты. Соны айтқаны үшін олар қара тізімге ілікті. Басы кетті. Ата-бабамыз көшпелі болғандықтан тарихтан таяқ жедік дегуе менің аузым бармайды. Зұлымдық империясымен көрші отырғандықтан таяқ жедік десек, әділін айтқан боламыз. Қараңыз! 1897 жылғы жалпыресейлік тұңғыш халық санағы бойынша қазақтар бүкіл Орталық Азия көршілеріміздің жалпы санынан екі еседей көп болды. 4 млн 84 мың кісі. Қырғыздар 200 мың, өзбектер 750 мың болды. Содан бүгінге дейін ашаршылықты бастан кешпеген көршілеріміздің табиғи өсімі 28-30 есе көбейді. Ал большевизм тұсында 3 ашаршылық бастан кешкен біз небәрі 3 есе ғана көбейіппіз. Егер 3 ашаршылыққа ұрынбасақ, біз де табиғи өсіммен 28-30 есе көбейер, бүгінде 100 миллионнан асқан алып ел болып отырар едік. Солай көшпелілік тұсында біз көп болдық. Ол аз байлық па?!

# ИЕ ҚЫЛДЫ»

Көшпелілікте кемшілік көп. Бірақ сол көшпелі ата-бабамыз бізге басты байлық – ел байлығы мен жер байлығын қалдырды ғой! Сол байлық үшін ғасырлар бойы ат белінен түспей алыспап па еді?! Ендеше сол ата-бабалар аруағына қанша тағзым етсек те көптік етпейді, ағайын!

Көшпелілік тұсында қазақтың көбеюінің тағы бір себебі болды. Отырықшылар қаласын тастап кете алмай омалып отырғанда жау қала халқын жаппай қылыштың жүзінен өткізетін. Ал көшпелі қазақ ауылы ел шетінде жау төбесі көрінгеннен-ақ кең даланы бетке алып көше жөнелетін. Ел шетінен кірген жау сөйтіп ауылдың орнын сипап қалатын. Қазақты жаппай қыра алмайтын. Өйткені көшпелі ауыл өте мобильді болды. Кең дала оларды жойқын жаудан құтқарып отырды. Кең дала олар үшін стратегиялық рөл атқарды. Жаппай қырғыннан көшпелілерді құтқарып отырды. Көшпелілердің 1897 жылғы санақта Орталық Азия отырықшы елдерінен екі есе көп болуының бір себебі осында.

Осы орайда халық саны өңгіме болғаннан кейін бір мәселені айтпай кетуге тағы болмайды. Ол – большевиктік лаң тұсында жерін тастап дүниенің төрт бұрышына торғайдай тозып кеткен қазақтың бүгінде шетелде жүрген 4 миллиондай ұрпағын ата-жұртқа көшіру мәселесі. Бұл мәселе тәуелсіз Қазақстанның күн тәртібінен ешқашан түспеуге тиіс. Сол шетел қазақтарының ата-жұртқа оралуы жолындағы кедергілер түгел алынып тасталуға тиіс, ағайын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын десек. Мына қысқа күнде қырық құбылып жатқан заманда тіліміз, дініміз, діліміз түгел болсын десек...

## СЫРТ КӨЗДІҢ БІЗГЕ БЕРГЕН БАҒАСЫ ТІЛ МАЙДАНЫНДА КӨЗІМІЗДІ АШҚАНДАЙ БОЛДЫ

– Тіл мәселесіне ойыссақ. Қазір көптеген қазақ отбасының өз балаларын орыс мектепке беретінін жиі байқаймыз. Өкініштісі, бұл үрдісті уақыт өте келе санамыз да үйреншікті құбылыс ретінде қабылдап бара жатқан сыңайлы. Бұл ретте «тәуелсіздік» мәртебесін алып, жаһаннан тереземіз теңессе де ана тіліміздің деңгейін құлдыратып алған жоқпыз ба деген сауал туындайды. Мұның түбі қайда алып барады?

– Ана тілімізге атүсті қарау жақсылыққа апармайды. Қараңыз! Жаһандану деген жалмауыз ай сайын әлемде 2 тілді жалмап келеді. Жұтып келеді. Яғни, ай сайын 2 халық тарих сахнасынан көшіп жатыр деген сөз. Келместің кемесіне мініп кетіп жатыр деген сөз. Бұл драма біздің көз алдымызда өтіп жатыр. Екі апта сайын бір тіл өшіп, екінші бір тіл өсіп жатыр. Бір тіл бір тілді жалмап жатыр, жұтып жатыр. Мына жаңа ғасырдағы жаһандану жаңалығы – осы. Осынау ғасыр драмасын көріп отырып тіл үшін күреспеу, ең болмаса өз отбасында өз тіліңді сақтай алмау, қорғай алмау түптің түбінде қандай қасіретке алып баратынын айтып отырмыз. Ашық айтып отырмыз: тілің бар болса – барсың, тілің жоқ болса – жоқсың. Путин: «Іс жүзінде Қазақстан – орыстілді ел» деді емес пе? Сырт көз – сыншыл. Сырт көздің бізге берген бұл бағасы тіл майданында біздің көзімізді ашқандай болды. Біз ауыр да болса ащы шындықты естідік. Ендеше бұл ащы шындықты мойындап, тіл майданында батыл да бетбұрысты шешімдер жасайтын кез келді деген сөз.

Соның бірі – мемлекеттік балабақшалар мен мектептерді түгел бір мемлекеттік бағдарламаға көшіру дер едік. Яғни, мектептерді қазақ, орыс деп бөлмей бір мемлекеттік бағдарламаға көшіру. Ұлтына қарамастан бұл мектептерде барлық бала бірге оқыса. Мектепті бітірген балалар қазақ, орыс тілдерінде сайрап шықса. Олар Қазақстанда жұмысқа орналасқанда тілдік негізде ешқандай кедергілерді көрмейтін болар еді. Қазақ мектебін бітірген Герольд Бельгер Қазақстанды қалай сүйсе, мұндай мектепті бітіргендер де Қазақстанды солай сүйген болар еді. Айналып келгенде алдағы 10 жылда тіл мәселесі өзінен-өзі шешілер еді. Ортақ тілдің арқасында отандастарымыз ұлтараздық, жікшілдік деген кеселдерден құлантаза айығар еді. Өйткені өз тілін білетін өзге ұлт өкілдеріне деген қазақ құшағы қашанда ашық. Мұны күнде көріп жүрміз. Бельгерді қазақ бауырындай жақсы көрді. Бельгер де қазақты жақсы көрді. Тілдің арқасында. Ортақ бағдарламамен оқытылатын осындай мектепті бітіргендер арасынан ертең Бельгерлер қаптап шықпаса кім көпті?! Біз сонда Қазақстанда бұрын-соңды болмаған, шынайы қазақстандық патриотизмнің салтанат құрғанына куә болар едік. Бір атаның баласындай бұл бауырластық ел экономикасының дамуына да оң ықпал ететін зор жемісті дүмпу болар еді.

– Әңгімеңізге рақмет, аға! Ғұмырлы болыңыз!

Сұхбаттасқан –  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.

AIQYN.

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

– Қызым, палауың бар ма? – дедім.

– Палау бар, отырыңыздар, қазір алып барамын, – деді.

– Қазы мен қарта ше, ет аспайсың ба? – дедім әзілдеп.

отыра беріңдер, мен сыртқа шығып темекі шегейін, – деп көшедегі арнайы орындардың бірінде көк түтінді будақтатып оңаша отырғанымда көшеде кетіп бара жатқан бір жігіт мені көрді де, бұрылып жаныма келді.

– Білемін, бұл әнді түркиялық қазақтар бастары қосылған той-думанда жиі айтады, – деді.

– Білсең, сол өлеңнің сөзін студент кезімде мен жазған едім, мұны саған мақтангершілік үшін емес, Лондонда қай қазақпен

## Мәңгілік Жаеыл ел немесе Англия нақыштары



– Көптен бері қазы мен қартаны өзім де сағынып жүрмін, аға, – деді ол сәл жымылып.

– Гауһар, мен сенің бір ағанды таптым, шанышқылы руының жігіті – дедім.

– Қайдан таптыңыз, осы Лондонда тұрады ма? – деді.

– Иә, осы маңда отбасымен тұрады. Жақын арада өзіңе жолығып кетеді, – дедім.

– Араласып тұруымызға жақсы болды ғой, – деді Гауһар.

– Бұл ауғандықтардың дәмханасына ағылшындар аз келетін сияқты, – дедім мен.

– Ол рас, негізінен бұрын Қазақстанда, Орта Азияда тұрған орыстар мен украиндар жиі келеді, – деді Гауһар.

Сенбі, балалардың сабақтан бос демалыс күні әдеттегідей немерелерімізбен қала ішін аралап, серуен құруға шықтық. Түске салым Нұрқанат:

– Мама, осы маңда ирандықтардың дәмханасы бар. Олардың да асханасынан дәм татып көріңдер, мұсылман халықтардың бірі ғой, – деді.

– Мейлі, дегенің болсын, олардың да тамағынан ішіп көрейік, – деді мамасы.

Ирандықтардың дәмханасында қызмет ететіндердің бәрі ер азаматтар екен, әйел заты көзге шалынбады. Қалай дегенмен де олардың ұлттық тағамдары көңілімізден шықты.

– Сендер асықпай тамақтанып

– Сіз қазақсыз ба, аға? – деді ол сәлем беріп.

– Иә, қазақпын, өзің ше? – дедім.

– Мен де қазақпын, аға, – деді ол.

– Қазақстанның қай жерінен келдің, інім?

– Мен Түркияның қазағымын. Түркияда тұратын бірнеше жақын туыс ағаларым Лондонға қоныс аударған. Менің келгеніме де төрт жылдай болды.

– Мамандығың бар ма, үйленгенсің бе, атың кім болады? – деп сұрақты жаудырып жатырмын.

– IT маманымын, әлі үйленген жоқпын, бойдақпын, – деді ол.

– Мен Қазақстаннан осында тұратын ұлымның үйіне қыдырып келген едім. Олар отбасымен ирандықтардың дәмханасында тамақтанып отыр. Жүр, мен сендерді таныстырып кетейін, кейін бір-біріңмен хабарласып, араласып тұрарсыңдар. Мұндағы қазақтар бір-бірімен байланыс жасай ма? – дедім.

– Мен осындағы өз туыстарымнан басқа қазақтармен араласпаймын, – деді ол.

Өлгі түркиялық жігітті дәмханаға ертіп барып ұлыммен, отбасымен таныстырдым, олар ет жақын туысын көргендей жылы әңгімелесіп, бір-бірінің телефон номерін жазып алды.

– Інім, қазақтың әке туралы жазылған «Мойныңа көптен асылмай, сағындым әке ісіңді», деген өнін естігенсің бе, түркиялық қазақтар айта ма? – дедім.

танымныңды ұмытпасын деп айтып отырмын, – дедім. (Бұл түркиялық жігіт есімін айтып, бізбен жақсылап танысқан болатын. Есімін қағазға түртіп алмағаннан кейін ұмытып қалдым).

Осы оқиғадан кейін Лондонның орталығын аралап жүріп, екі-қабатты автобустардың біріне отырғанбыз. Лондондағы Қазақстан елшілігі жанындағы аялдамадан қазақтың қызы қалта телефонмен сөйлесіп, көлікке отырды. Қарсы алдындағы орындықта отырған бізді көрді де, менің үстімдегі шапанымға қарап, тіпті сәлемдесуді де ұмытып:

– Қазақсыздар ма? – деп сұрады.

– Иә, қазақпыз, – дедім.

– Қай жерден келдіңіздер? – деді.

– Шымкенттен, – дедім мен.

– Мен де Шымкенттенмін, қаланың өзіненмін, – деді.

– Қаланың қай жеріненсің?

– Он алтыншы мөлтек ауданнанмын.

– Сіздер ше?

– Ленгирденбіз.

– Менің мамамның төркіні – нағашыларымыз сол жақтан ғой. Мама, міне қараңыз, сіздің төркіндеріңіз Лондонда жүр, – деді.

Өлгі қыз қалта телефонын менің бетіме қарай жақындатты. Сонымен автобус ішінде Лондон мен Шымкент тікелей байланысқа шығып кетті.

– Ленгир жақтан кімді танысыз? – дедім.

– Сұлтан деген інім бар еді, бұрын милицияда істеген.

– Қайсы Сұлтан? Бұрын «ГАИ» да істеген шапырашты, Сұлтан Қыпшақбаев па? – дедім.

– Тап соның өзі, – деді жасы сексеннің арғы-бергі жағындағы апа.

– Жақсы, сау болыңыз, біз түсетін аялдамаға жақындап қалдық, – деп өлгі қариямен қоштасып, қалта телефон ұстап тұрған қызға:

– Есімің кім болады, қарағым, қай рудың қызысың?

– Атым Ләззат, шымырдың ішіндегі темір руынан боламыз, – деді.

Ләззаттың Лондонға қашан келгенін, не жұмыс істеп жүргенін сұрап үлгере алмадым. Бұл сәттік, бірер минутқа ғана созылған кездесу болды.

Жалпы Лондонда иін тірескен көпшілік арасында жолай кездескен қазақтың ер азаматы да, әйел заты да аз болмады. Елдегідей сәлемдесіп, өте шыққандары да ұшырасты. Олардың көпшілігі маған біз сияқты аз уақытқа ғана туристік сапармен келгендер сияқтанып көрінді.

2024 жылдың 6 қазанында Қазақстанда атом электр станциясын салуға қатысты Референдум өткені естен шыға қойған жоқ. Сол күні таңертең Лондондағы Қазақстан елшілігінде құрылған сайлау комиссиясына барып дауыс бермек ниетпен, ертелеп оянып, жүрдек поезд тоқтайтын аялдамаға бардық.

О.СҮТТІБАЕВ.

(Жалғасы келесі санды).

## ● Оқыдық, пікір айтамыз

Бейнеткеш ауылының тумасы, менің қатарласым Алтай Шакуовпен бір ауылда тұрып, бір мектепте оқымасам та, оны бала кезінен білемін. Шамасы алтыншы, әлде жетінші сынып оқитын кезіміз болса керек пионер лагеріне барғанмын. Сол жерде алғаш рет көріп, танысқанбыз. Ол кезде Алтайдың да, менің де мектеп өмірінен жолдаған шағын хабарларымыз «Ильич жолында» («Төлеби туы») газетінде жарияланып тұратын. Өмір соқпағымен одан кейін көп жыл бойы бір-бірімізбен қайта кездеспедік. Еңбек жолымды «Төлеби туында» жалғастырып қайта жолықтық. Ол Бірінші Мамыр орта мектебінде ұстаздық етеді екен. Алматыдағы шет тілдері институтын бітіріпті. Әлі де мақала, өлең жазады екен, қолынан қаламын тастамапты. Өңгіме арасында ол:

– Алматыға, жұрфакқа барған өдім, жолым болмады. Ауылға келген соң механизаторлық курсты бітіріп, совхозда бір жылдай трактор айдадым. Келесі жылы тағы Алматыға аттандым, ойым журналист болу. Жұрфакқа конкурс өте жоғары екен. Мұны көрген соң үміттен күдік басым болып кетті. Оқудан құлап қайтқанша бір мамандықтың тізгінін ұстайын деп киномеханиктер дайындайтын училищеге құжат тапсырып, жатақханасынан орын алғанмын. Әкеме быыл қайткен күнде оқуға түсемін деп айтып, өзімше сенімді болып кеткенмін. Осылайша не істерімді, қандай шешім қабылдарымды білмей ойға батып жүргенімде, Алматыда оқитын таныс жігіттердің бірі жолыға кетті.

– Сен одан да шет тілдері институтына құжат тапсыр, басқа жоғары оқу орындарына қарағанда конкурсы аздау, білімің бар, сөзсіз түсіп кетесің, бағынды сынап көр, – деді.


– Шынымен бе? Мен құжаттарымды училищеге тапсырып қойғанмын, – дедім.

– Құжатыңды қайта алу қиын емес. Тез арада құжат тапсырмасаң, үлгермей қаласың, – деді. Сол күні шет тілдері институтына құжат тапсырдым. Емтиханда қазақ тілі мен әдебиетінің жазбаша шығармасынан да, ауызшасынан да бестік баға алдым. Неміс тілінен төрт қойды. Ең соңғы емтихан тарихтан еді. Емтихан қабылдаушы сүріндіру үшін түрлі сұрақтар қойып бақты. Кейбіріне дұрыс жауап бере алмағанымды біліп отырмын.

– Білмейсің, бала, екі, ауылыңа қайта бер, – деді. Сосын емтихан тапсыру парақшасынан бұрынғы емтихандардан жақсы баға алғанымды көрген соң сөз ойланып қалды да: «Мейлі, саған үш қойып берейін», – деді. Не керек, Алматыдан ауылға студент атанып қайттым. Әуелде менің оқуға түсіп келгеніме ауылдастарымызды, ағайынды айтпағанда, әкемнің өзі

де сенбеді, – деп айтқаны бар. Менің өткенді еске түсіруімінің бір ғана себебі бар. Шет тілдері институтының неміс тілі факультетін

## Жыр тұндырған жүрекке



Қазығұртым, кемеңгерсің, данасың,  
Өзің берші заманымың бағасын...

АЛТАЙ ШАКУОВ  
ЗАМАН КЕЛБЕТІ

бітірген Алтай немістің әлемге танымал классик ақындарының өлеңдерін түпнұсқадан қазақ тіліне аударып жүр.

Өткен жылы Алтай бауырымыздың көп жылғы еңбегінің жемісіндей Павлодар қаласындағы баспаханалардың бірінен «Заман келбеті» деп аталатын 9,4 баспабақ жыр жинағы жарық көрді. Алтай немістің ұлы ақыны Генрих Гейнениң «Есігіңнің алдында» деген өлеңін қазақ тілінде былайша жырлатады:

Есігіңнің алдынан  
Ертелеп мен өткенде,  
Қуанамын періштем,  
Терезеңнен көргенде.

Қоңыр-қара көзіңмен,  
Зер салып сен қарайсың.  
– Жанын жеген не мұң? – деп  
Жұмбақ жанды барлайсың.

Ақынымын немістің,  
Қадрлеген халқым да.  
Аталса ұлы есімдер,  
Аталар менің даңқым да.  
Менің мұңым, періштем,  
Кей жанның жоқ басында.  
Ел көтерген қайғы-шер.  
Ол менікі тағы да.

Алтай немістің тағы бір ұлы ақыны Иоганн Вольфганг Гетениң «Тынығар жаның жалғанда» деген өлеңін қазақ тілінде керемет өрнектейді:

Таулардың алып шыңдары,  
Балбырап бойы дем алар.  
Талдардың биік бастары,  
Иіліп үнсіз жел бағар.  
Үн қатпай құстар қалжырап,  
Ұйқыға кетті орманда.  
Күте ғой сен де азырақ,  
Тынығар жаның жалғанда.

Сондай-ақ ол немістің тағы бір атақты ақыны Фридрих Шиллердің балладалары мен өлеңдерін тікелей түпнұсқадан аударып, жыр сүйер қауымға жеткізеді. Егер поэзияда аудармашы мықты болса, қай тілге де болсын аударылған өлеңдер түпнұсқаның өзінен анағұрлым көркем әрі нәрлі болып шығады.

Бұдан әрісі ұлы Абайдың, берісі Қадыр Мырза Әлидің аудармаларын түпнұсқамен салыстырып, оқып, көз жеткізулеріңізге болады. Бұл ретті Алтайдың неміс ақындарын қазақша сөйлетуге барын салғанына анық көз жеткізгендеймін.

Алтай бауырымыздың өлеңдері біздің «Төлеби туында» көп жылдардан бері жарияланып келеді. Сондықтан оның туындылары жыр сүйер қауымнан әлдеқашан өз бағасын алып қойса керек деп ойлаймын. Ақындарды, ақын-жандыларды сөз етпегенде, кез келген пенде туған жерінің төл перзенті болғандықтан табиғаты мен қоршаған ортасы әсер ететіні сөзсіз. Алтай «Қараша» деген өлеңінде туған жерінің табиғатының мінезін былай жырлап береді:

Қара бұлт көкті жабады,  
Тырсылдап тамшы тамады.  
Салқындау ызғар қарып

бой,  
Көңілсіз ойлар қамады.  
Ұйытқып дауыл соғады,  
Әйнекті тамшы ұрады.  
Бейсуат жүрген кім екен?  
Көңілім сыртыңа ауады.

Қарайып түзде қарағаш,  
Қалыпты бағым жалаңаш.  
Қарғам-ау, келген қараша,  
Қымтан да, оған есік аш...

Бір әке мен анадан туған,  
Шындыққа келсек, бір қап пен  
бір саптан шыққан қанша  
бала болса да, түрі, мінезі,  
басқа да қасиеттерімен бір-

біріне айнамай ұқсауы әсте мүмкін емес. Сол сияқты ақынның әр өлеңі оның перзенті болғандықтан, айтар ойы да, көркемдік деңгейі де түрліше болатыны аян. Алтайдың өлеңдері туралы да осыны айтар өдім. Кейбір ақындар шұмақ саны көбірек өлең жазамын деп айтар ойын шашыратып алатыны бар. Алтай барынша қысқа да нұсқа өлең жазуға талпынады. Мәселен, «Заман келбеті» деген өлеңінің алғашқы жолдары:

Алатауым, асқар биік ақ басты,  
Кір шалмаған көңілімді шаң басты.  
Қыран ғана тұғырына қонатын,  
Қарғалар да мекендеп жүр тау-

тасты,

– деп басталады да:  
Қайран халқым, ар ойлаған  
бүгінде,  
Қайғы артып, бұл өмірден  
түңілме.  
Нар түйедей көтергенбіз бәрін  
де,  
Хал сұраған әкім қара көрдің  
бе?

Су ағады, тас қалады тоғанда,  
Бәрі кетер, қойны-қоншы  
толғанда.  
Заңы солай жазылмаған өмірдің,  
Ұсталмаған ұры емес болғанда...  
– дегендей өткір ойлар айтады.

Алтайдың жыр жинағына жерлесіміз, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінің деканы Қайрат Сақпен Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Серікзат Дүйсенғазы алғысөз жазып, өз пікірлерін білдіріпті.

Біз жерлес зейнеткер ұстаз Алтай Айтмырзаұлы Шакуовке шығармашылық табыс тілеп, тың туындыларын өмірге әкеле беруіне тілектестік білдіреміз.

О.ҮСПБАЙҰЛЫ.

## ● Ұлы Жеңіске – 90 жыл

## Олар екі майдан ардагері еді

Алдағы мамыр айында екінші дүниежүзілік соғыста неміс-фашист басқыншыларымен болған шайқастағы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Соғыс жылдары ес біліп қалған бала болғандықтан, сол бір қайғылы, қасіретті жылдардағы ауыл өмірі менің қатарластарымның әлі де болса көз алдында болса керек. Жас келе бастаған соң өткен өмір өткелдерінің кейбір сәттері ұмытылып, естен шыға бастаса да, балғын шақтағы өз көзіңмен көргендерің жадында сол қалпында ұмытылмай сақталып қалады екен.

Бүгінде Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің бірі де арамызда жоқ. Тыл ардагерлерінің өзі саусақпен санағанымызға да жетпесе керек. 1945 жылы Жеңіс күні өмірге келген Жеңісбектер мен Жеңіскүлдердің өзі 80 жасты толтырып, еңкіш тартқан қарияға айналды. Соғыс жылдары «барып келге, алып келге» жарап қалған балалардың жасы бүгінде тоқсан жастан асып кетті. Олардың да бала болса да жеңіске қосқан үлесі болғандықтан тыл ардагерлерінің қатарына қосып жүрміз.

Бұл мақаланы жазуыма мына бір оқиға себеп болды. Халыққа мәдени қызмет көрсетіп жүрген немерелеріммен қатарлас жігіттердің бірімен кездесіп қалғанымда:

– Ата, шаруашылықта ұзақ жыл бойы жұмыс істедіңіз, машина да айдадыңыз, трактор да жүргіздіңіз, Төлеби ауданының Құрметті азаматысыз, аудандағы қадірменді қариялардың бірісіз, суретке түсіріп, портретіңізді мәдениет үйінің төріне іліп қойсақ деген ниетте едік, – деді. Мен ойланыңқырап қалдым.

– Балам, бұл ойың жөн екен. Бірақ біздің ауылдық округ аумағында елге еңбегі сіңген қаншама соғыс, тыл, еңбек ардагерлері бар еді. Біз демалыс, еңбек демалысы дегеннің не екенін білмей зейнеткерлікке шыққанша шаруашылықта жұмыс істедік. Елге менен де көп еңбегі сіңген соғыс және еңбек ардагерлері көп еді. Олардың бәрі бақилық болып кетті, Ең алдымен солардың суреттерін мәдениет үйлерінің төріне іліп қойыңдар. Маған солардың ең соңынан орын тисе жетеді, жетпесе оған да өкпелемеймін. Күнделікті араларыңда жүрмін, бәрің сыйлап, құрмет көрсетесіңдер. Маған осының өзі жетеді, – дедім.

Арада болған осы әңгімеден соң біздің ауылдық округ аумағында Ұлы Отан соғысына қатысып, елге аман оралған соң, еңбек майданында зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеген екі майдан ардагері есіме оралды. Жас келгендіктен болар, тіпті олардың кейбірінің аты-жөндерін еске түсіре алмадым.

Аққұм ауылында егіншілікпен шұғылданып, гектар түсімділігін жыл сайын арттырып, Социалистік Еңбек Ері атанып, есімі бүкіл Кеңестер Одағына танымал болған Орынкүл Көпбаева деген апамыз болған еді. Еңбек Ерінің ел есінде сақтап, мәңгілікке есте қалдыру үшін ауданда осы күнге дейін бір көшенің де аты берілмеді. Бұл да біздің елдігімізге үлкен сын. Ол кісінің есімін, халқымызға сіңірген еңбегін аға ұрпақ құрмет тұтып, ескермегеннен кейін бүгінгі жастар, кейінгі балалар қайдан білсін.

Біздің Жаңаұйым ауылында Айнақұл Бекеев, Мейірбек Әлібеков, Төреқұл Дөңбаев, Сабыр Молдабеков, Кертай Жайлаубаев, Бектай Оразымбетов, Тастанбек Қырықбаев, Момынай ауылынан Оңалтай Адасов, Тойлыбек Мұсырманов, Пернебек Нұрманов және де басқа Ұлы Отан соғысының ардагерлері соғыстан оралған соң, зейнеткерлікке шыққанша бел жазбай шаруашылықта жұмыс істеді. Олар егін де екті, мал да бақты, өнегелі, тәрбиелі ұрпақ та өсірді.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай соғыста шейіт болған жерлестеріміздің, соғыс және тыл ардагерлерінің, озат атанған еңбеккерлеріміздің суреттерін болмаса да аты-жөндерін ескерткіш тақталарға жазып қойып, бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп жатсақ жарасымды емес пе.

Ұлы Жеңіс мерекесіне дейін Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестерімізге арналған ескерткіштерді, ардагерлер саябақтарын ретке келтіріп, гүлдер отырғызып, жасыл желекке бөлесек, қамқорлыққа алсақ, осындай игі істеріміздің өзі оларға жасаған үлкен құрметіміз болар еді.

Қ.БЕКТҰРОВ,

Төлеби ауданының Құрметті азаматы.

Жаңаұйым ауылы.

## Жаңа жоба бастама алуда

IELTS – ағылшын тілін тестілеудің халықаралық жүйесі – әлемдегі ең танымал ағылшын тілінің тестілеу жүйесі. Ол тілдерді бағалау бойынша әлемнің жетекші сарапшылары арқылы әзірленеді және ағылшын тілінің барлық дағдыларын (оқу, жазу, тыңдау және сөйлесу) бағалайды. Жастардың ағылшын тілін жетік меңгергенінің бірден бір көрінісі – IELTS сертификаттарының болуы.

Ауданымызда 9-11-сыныптарының іріктелген білім алушыларын IELTS емтиханына дайындау мақсатында инновациялық жобаларды жүзеге асыру қолға алынды. Жобаны жүзеге асыру қадамдары ағылшын тілі пәні педагогтері арасында қызу талқыланды.

Осы бағытта түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жобаның мақсат, міндеттері таныстырылды, олар:

- білім алушыларды IELTS емтиханына дайындау мақсатында бағдарлама әзірлеу;
- аудандағы мектептердің ағылшын тілі пәнінің педагогтерін IELTS курсына жүргізуге тарту;

– бағдарламаны меңгерту барысында формативті бағалауды қолдана отырып, білім алушылардың дамуын қадағалау;

– атқарылған жұмыстар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми басылымдарға мақала жариялау;

– білім алушылардың IELTS емтиханында кемінде 6,5 балл жинауына ықпал ету.

Жобаның аудан көлемінде жүзеге асырылуы оқушылардың оқуға, пәнге деген қызығушылығын арттырып, мұғалімдердің өздерін жаңартып, жаңа идеялармен бөлісуге ынталандырады. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін, олардың оқыту әдістерін жетілдіруге және IELTS емтиханына білім алушыларды дайындау барысында өзгерістерге бейімделуге, төрт тілдік дағдылар бойынша дайындық жұмыстарын жүргізіп, құзиреттіліктерін арттыруға көмектеседі.

Speaking – ұзақтығы 11-14 минут. Бұл бөлімде тапсырушы тексерушімен сұхбаттасады. Сұхбат толығымен диктофонға жазылады, сондықтан апелляцияға беруге тапсырушының толық құқығы бар.

***С.БАКИРОВА,***

*аудандық білім бөлімінің шет тілі пәні әдіскері.*

## ЖАСТАРҒА ПАЙДАЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қоғамның дамуы мен өркендеуі көбінесе жастарға байланысты. Себебі жастар – елдің тірегі, мемлекеттің белсенді бөлігі. Олар жаңа идеяларды енгізіп, өзгерістердің көшбасшылары бола алады. Сондықтан олардың ең басты міндеті – жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, тұрақты даму үшін алға жылжу.

Осы орайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметке білімді жастарды тарту үшін бірқатар шараларды қабылдауда.

Солардың бірі, Президенттің Жарлығымен айқындалған Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында мектеп пен жоғарғы оқу орындарын қамтитын ерте кәсіптік бағдарлау институтын көздейді.

Онда мемлекеттік қызметке қызығушылық танытқан бітіруші сынып оқушыларын мемлекеттік қызметке дайындау жұмыстары жүргізіледі.

Бұл дегеніміз оқушылардың мектеп қабырғасында жүрген кезден-ақ олардың қарім-қабілетін, білімі мен біліктілігін дамыту, мемлекеттік қызметке қызығушылық танытқан жастарға кәсіби бағыт-бағдар бере отырып, мемлекеттік қызметтің қыр сырын түсіндіру.

Өз кезегінде, Департамент Түркістан қаласындағы білім беру ұйымдарының жоғарғы сынып оқушыларына мемлекеттік қызмет саласында өткізілетін кездесу, форум, «Ашық есік күні» іс-шараларына қатыстырып, бірлесіп жұмыстар жүргізуде.

Бұдан басқа, Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің жоғарғы курс студенттерінен құралған Департамент жанындағы «Жас мемлекеттік қызметшілер» мектебінің тыңдаушыларына бүгінгі мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері мен негізгі жұмыс бағыттары түсіндірілуде.

Бұл – білімді жастардың дағдыларын дамыта отырып, оларды мемлекеттік қызметке тартудың бірден бір тәсілі.

Қазіргі уақытта, осы мектептің 10 тыңдаушысы орталық, облыстық және қалалық, аудандық деңгейдегі мемлекеттік органдарда қызмет атқаруда. Яғни, кешегі студенттер бүгінгі мемлекеттік қызметтегі әріптесімізге айналып отыр.

Жалпы, білімге құштарлық ерқашан біздің халқымызға тән қасиет. Бүгінгі білімді жас – ертеңгі кәсіби білікті маман. Сондықтан, мемлекет білімді, талапты жастарға үлкен үміт артатыны анық.

Осы тұста, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына бірқатар өзгерістер енгізіліп, жастардың мемлекеттік қызметке орналасу тәртібі жеңілдеді.

Соның бірі, мемлекеттік грантпен жоғарғы оқу орнын жақсы бағамен аяқтаған түлектер (GPA 3.33-тен жоғары) \*\*\*

## Құқықтары қалпына келтірілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің қызметінің басым бағыттарының бірі мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалауды және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Жоғарыдағы көрсетілген міндетті орындау мақсатында және Бәйдібек ауданының тұрғындарының арызы негізінде, аталған шағымдарды жан-жақты, объективті және толық қарау мақсатында тиісті мемлекеттік органға жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Анықталғандай, қызмет алушылармен «Е-лицензия» порталы арқылы «Саяжай құрылысы үшін»

жер учаскесіне құқық алу үшін тиісті мекемеге өтініш берілген.

Бұл ретте, Қағида талаптарында көрсетілгендей, жер комиссиясы қорытындысының бір данасын өтініш иелеріне жіберу қажет.

Сонымен қатар, Қағидада мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер көрсетілген.

Алайда, қызмет беруші тарапынан аталған өтініштерге жер комиссиясының қорытындысы жолданбай, өтініштерден негізсіз бас тартылғаны анықталды.

Жүргізілген тексеру нәтижесінің қорытындысы бойынша Департамент тарапынан тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бұзушылық-

бір жыл ішінде аудан, ауылдардағы төменгі лауазымдарға конкурстық орналасуы.

Осы мүмкіндікті пайдаланып республикада – 442, облыста – 35 түлек мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз қабылданды.

Бұл өз кезегінде білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, жас мамандардың аудан, ауылдарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірге келген іссапарында «Жастарға жаңа мүмкіндіктер беруіміз керек. Ол үшін жастарды олардың өмірін жақсартуға, мансабы бойынша жоғарылауға арналған әлеуметтік лифттер іс жүзінде жұмыс істеуі керек» – деп айтқан болатын.

Осы орайда, дарынды жастарды мемлекеттік басқару ісіне араластыру мақсатында, Агенттік 2019, 2021, 2023 жылдары Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде, 400 адам резервке алынып, бүгінде оның 300-ден астамы мемлекеттік органдарда және квазимемлекеттік секторларда басшылық лауазымдарда қызмет етуде.

Сол сияқты, білімді жастардың пулын қалыптастыру бойынша 2024 жылы алғаш рет Өңірлік кадр резервіне іріктеу жүргізілді. Оған облысымызда ниет білдірген 600-ден астам адамдардың арасынан 30 адам резервшілер тізіміне ілікті.

Айта кету қажет, түрлі салаларда еңбек еткен резервшілерге мемлекеттік қызметке конкурстық орналасу немесе мемлекеттік қызметте одан әрі ілгерілеу бойынша заңнамаларда ерекше мүмкіндіктер берілген.

Осы мүмкіндікті пайдаланған 9 резервші облыстық, аудандық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда еңбек етуде.

Жалпы, кадр резервіне іріктеудің мақсаты – талантты жастар арасынан жаңашыл ойлайтын көшбасшылар мен жас басқарушылардың тобын қалыптастыру.

Қорыта келе, жастар қоғамның негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылатындықтан, олар жаңа идеялармен, белсенділікпен ерекшеленеді және өздерінің күш-жігерін қоғамның дамуына арнауы тиіс. Сондықтан, жастардың әлеуетін дұрыс пайдалану арқылы қоғамды жақсартуға, болашаққа деген сенімді арттыруға болады.

Осы орайда, елдің дамуына әрбір жастың өз үлесін қосуы үшін жастарды мемлекеттік қызметтегі мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға шақырамын.

***А.НАУРЫЗБАЕВ,***

*ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.*

## Мектептегі жайлы орын

Аудандық білім бөлімінің әдіскері С.Өтегенованың ұйымдастыруымен, мектеп директоры М.Қарабаев пен кітапханашы Б.Қайырбекованың қолдау көрсетуімен



Қазығұрт жалпы орта мектебінің фойесінде «COWORKING» (жайлы орын) деп аталатын мүйіс ашылды. Мұнда оқушылар қолдары бос кезінде түрлі кітаптар оқып, шахмат, дойбы ойнай алады. Шәкірттерге басқа да қолайлы жағдайлар жасалған.

***«Төлеби-ақпарат».***

Музей – сан ғасырдың жәдігерлері сақталатын, адамды рухани байытатын мәдени орталық. Музейге келушілер халқымыздың ұлттық, тарихи құндылықтарымен танысады. Осы құндылықтарды сақтаумен қатар оны келешек ұрпаққа жеткізу – музей қызметкерлерінің міндеті. Бабадан мирас болып қалған асыл мұраларымыз бен тарихи ескерткіштерімізді көздің қарашығындай сақтап, мәдениетіміздің жауһарларын әлемнің өзге халықтарына паш ету – үлкен міндет әрі жауапкершілік. Бүгінде ұлттық

## Құндылықтар ордасы

құндылықтарымызды бағалай білетін ұрпақ тәрбиелеу өзекті мәселе екені даусыз.

2021 жылы ашылған Төлеби ауданының музейі тәуелсіз еліміздің жетістіктерін, ұлттық мәдениетіміз бен құндылықтарымызды өскелең ұрпаққа насихаттауда. Музейдің бүгінгі таңда 3 мыңнан астам қоры бар. Олар: тарихи, археологиялық коллекциялар, нумизматика, тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдар, жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығы мен жеке заттары, құжаттар мен фотоматериалдар сынды жәдігерлер. Ширек ғасырға жуық уақыттан бері музей қызметкерлері осы жәдігерлерді жинақтап, музей қорын толықтырып келеді. Жас ұрпақ рухани байлық пен ұлттық жәдігерлерді танып-білу арқылы өзіне сабақ алады, өмірлік бағыт-бағдар ұстанып, елінің жарқын игіліктерін таниды. Музей қызметкерлері ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында түрлі сабақтар, көшпелі көрмелер ұйымдастырып тұрады.

Музейдің қалыптасқан жұмыстары көп. Олардың қатарында жинақтау, зерттеу жұмыстары, тақырыптық экскурсиялар, музей қорындағы жәдігерлерден жылжымалы көрмелер ұйымдастыру шаралары бар.

Музей жұмысы ешқашан тоқтамайды және оны дамыту, жетілдіріп отыру – біздің міндетіміз.

Құрметті оқырман, құнды деректерге куә болып, рухани азық алғыңыз келсе, музейге келіңіз.

***А.ҚЫДЫРБАЕВА,***

*аудандық музейдің қызметкері.*

## Жарамсыз деп табылсын

Алишер Пернебековке 2020 жылғы 21 сәуірде ҚР Түркістан облысы Жол полициясы берген ҮҮ сериялы №036385 жүргізуші куәлігі және тіркеу номері 977XLY13 автокөліктің техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын. \*\*\*

Спанов Мейірхан Жантаевичтің меншігіндегі «Daewoo Nexia» маркалы автокөліктің 480FFA17 мемлекеттік тіркеу номері (артқы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын. \*\*\*

Талханбаев Талгат Сериковичке 2007 жылғы 28 желтоқсанда ҚР Түркістан облысы Жол полициясы берген XS сериялы №017440 жүргізуші куәлігі және тіркеу номері 482KZB13 автокөліктің техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Қасқасу шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің техникалық қызметкері Мырзахметов Жарылқасынға анасы **МЫРЗАХМЕТОВА Темірқұл Әлжанқызының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

**Құттықтаймыз!**

Асқар таудай өкеміз, Төлеби ауданының Құрметті азаматы **ЖҮНІСБЕКОВ Мейірхан Сералыұлы** мен аяулы анамыз **ЖҮНІСБЕКОВА Жұпар Пернебекқызын** туған күндерімен құттықтаймыз!



Дүниедегі ең жақын, жанашыр, асылдарымыздың туған күні отбасымыз үшін – ең жарқын мереке. Қымбатты ата-анамыз қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген екі қыз, екі ұлынан немере-шөбере сүйіп отыр. Сүйікті де қымбат жандарымызды қуаныштарымен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шат-шадыман көңіл, ұрпағының ортасында саялы бәйтеректей жайқалып, бақытты ғұмыр кеше беруін тілейміз!

Құтты болсын туған күн,  
Ардақты өке, анашым!  
Кең дүниеден таппаспыз  
Өздеріңдей жанашыр.

Ғасыр тойын тойлайық,  
Береке-бірлік болсын тек,  
Игі тілек арнайық  
Алла амандық берсін деп.

*Ізгі тілекпен, перзенттері.*

**● Бәрекеді!**

«Атадан-Мұра» республикалық қоғамдық қорының мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырған «ART BAYTEREK» республикалық байқауының ғылыми жоба бағыты бойынша М.Х.Дулати атындағы жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушы Әділ Әлихан Байдәулетұлы бас жүлдені жеңіп алды. Әлиханның ғылыми жетекшісі Арыстанова Әйгерім Ермеқожақызы. Жеңімпаз шәкіртке Францияның астанасы Парижде өтетін халықаралық байқауға жолдама берілді.

Әділ Әлихан «Ауданымызда гидропоника әдісімен өсірілген өсімдіктер шаруашылығының тиімділігін зерттеп, қолданысқа ендіру» тақырыбындағы ғылыми жобасын қорғады.

Зерттеу жұмысының мақсаты гидропоника әдісінің тиімді тұстарын, артықшылықтарын зерттеп, бұл шаруашылықтың қаншалықты мол табыс әкелетінін оқушыларға және егін шаруашылығымен айналысатын аудан тұрғындарына таныстыру болды.

Ауданымыздың топырақ құнарлылығы төмен, тасты болып келеді және су тапшылығы кездеседі, яғни егін шаруашылығымен айналысуға

**Париждегі халықаралық байқауға жолдама алды**



қолайсыз, сондықтан ауданымызда көкөніс және жемістердің өнімділік көрсеткіші төмен. Міне, осы мәселені шешудің жолы оқушыларға гидропоника әдісін үйретіп, өмірде

қолдануға баулу, аудан тұрғындарына осы әдістің тиімділігін насихаттау зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

*«Төлеби-ақпарат».*

**«Жастар дауысы» байқауы**

Өткен аптада аудандық мәдениет үйінде Қазақстанның Халық әртісі, әнші, композитор, ҚР

дамыту мақсатында аудандық «Жастар дауысы» атты байқау өтті.



Мемлекеттік сыйлығының иегері Ескендір Хасанғалиевтің туғанына 85 жыл толуына орай әнді серік еткен таланттардың өнерін шыңдау, жастарды отансүйгіштікке

баулу, ұлттық рухта тәрбиелеу және эстрадалық өн орындау мәдениетін дамыту мақсатында аудандық «Жастар дауысы» атты байқау өтті.

Байқауға ауылдық мәдениет ошақтарының атынан 9 үміткер қатысып, өнерлерін ортаға салды. Қазылар алқасының шешімі бойынша үздік деп танылған үміткерлер жүлделі орындарға ие болып, арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Атап айтқанда, Жолсейітов Абай (Бейнеткеш ауылдық клубы) I орынға лайық деп танылса, Жақсыбай Нұрдеулет (Жамбыл ауылдық клубы) пен Зиятбек Аян (Диханкөл ауылдық клубы) II орынды иеленді. Жұлделі III орын Сарыбай Айнұр (Көксәйек ауылдық мәдениет үйі) мен Төлбасы Балжанға (Жеңіс ауылдық мәдениет үйі) бұйырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына байланысты еңбек адамының беделін

**Еңбеккерлерге құрмет көрсетілгі**

көтеру, кәсіби білім беру және еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру биылғы алға қойылған жоспарлардың бірі болып отыр.



Сейсенбі күні аудандық мәдениет үйінде Төлеби аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен еңбеккерлерді марапаттауға арналған салтанатты іс-шара өтті. Іс-шараға арнайы қатысқан Ленгір қаласының әкімі Жұмабаев Мақсат Болысбекұлы, аудандық мәслихат депутаты Жабаев Ербол Көшербайұлы жұмысшыларды құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп, аудан әкімінің, мәслихат төрағасының және қала әкімінің Алғыс хаттарын табыс етті.

*«Төлеби-ақпарат».*

**«Таза Қазақстан» республикалық акциясы табиғатты аялауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, сонымен қатар экологиялық заңнаманы бұзу фактілерін анықтауға, жолын кесуге, сондай-ақ елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жандандыруға бағытталған.**

Республикалық акция аясында Ленгір қаласы әкімі аппаратының қызметкерлері учаскелік полиция инспекторларымен бірлесе белгі-

**Тазалық — баршаға міндет**

ленбеген орындарға қоқыс тастау, қоршаған ортаны ластау, ортақ пайдаланатын орындардағы тәртіп қағидаларын бұзу, жолдар мен жол құрылыстарын зақымдау жайттарын анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар атқаруда.

Қала әкімдігі қызметкерлері мен тәртіп сақшылары ленгірліктер мен қала қонақтарын қоғамдық орындарда және көшеде тазалықты

сақтауға, абаттандыру ережелерін бұзбауға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға шақырады.

– «Осындай рейдтік іс-шаралар жиі жүргізіліп тұрады. Тұрғындарға тиесілі аумақтарда құл-қоқыс, құрылыс қалдықтары, қураған ағаш бұталары, т.б. шашылып жатқан қоқыстар анықталған жағдайда, хаттама толтырылып, айыппұл салынатынын ескертеміз», – дейді қала әкімі М.Жұмабаев.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ – БАС РЕДАКТОР РАХМАНҚҰЛОВ Әбдімәлік Түймебекұлы**  
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият) 8-706-413-11-56.  
Бөлім меңгерушісі Аққан ИМАНАЛИЕВА (әлеумет, бұқарамен байланыс) 6-23-23, 8-702-494-81-71  
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА 8-705-887-51-61.  
Дизайнер Нұргүл Мамытханова 8-777-918-03-35 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші Аққан ИМАНАЛИЕВА.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.  
**Баспахананың мекенжайы:**  
Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, №24 үй.  
Газетке жазылу индексі 66744  
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г күәлігі берілген.